

## Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Бақылау Палатасы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Заңы 1995 жылғы 13 сәуір N 2131-ХІІ. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 12 Заңымен (өзгеріс 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді)

## **I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **1-бап. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Бақылау Палатасының мәртебесі**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Бақылау Палатасы (бұдан әрі-Бақылау Палатасы) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің бақылау органы болып табылады.

### **2-бап. Бақылау Палатасы қызметінің құқылық негіздері**

Бақылау Палатасын ұйымдастыру мен оның қызметі осы Заңмен және Қазақстан Республикасының басқа да заң құжаттарымен белгіленеді.

### **3-бап. Бақылау Палатасының Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне жыл сайын беретін есебі**

Бақылау Палатасы жүргізілген тексеру мен ревизияның нәтижелері туралы, одан туындайтын қорытындылар мен ұсыныстар туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне жылына кем дегенде бір рет есеп беріп отырады. Есеп жариялануға тиіс.

Бақылау Палатасы өзі жылдық есепті табыс еткенге дейін қалдыруға болмайды деп санайтын кез келген маңызды және шұғыл мәселе жөнінде Жоғарғы Кеңес Төралқасының қарауына арнаулы баяндама енгізе алады.

### **4-бап. Бақылау Палатасының Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Комитеттерімен өзара қатынасы**

Бақылау Палатасы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Комитеттеріне олар көңіл аударатын мәселелер жөнінде өз құзыреті шегінде қажетті хабарлама мен қорытындылар беріп отырады.

### **5-бап. Бақылау Палатасының қызметін қаржыландыру**

Бақылау Палатасына өзінің міндетті қызметі мен өкілеттігін орындау үшін қажетті қаржы қаражаттары тікелей республикалық бюджеттен беріледі.

Бақылау Палатасы шығындарының сметасын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы бекітеді.

## **II бөлім. БАҚЫЛАУ ПАЛАТАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ, ҚҰРЫЛУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ**

### **6-бап. Бақылау Палатасының Төрағасы**

Бақылау Палатасының Төрағасын Жоғарғы Кеңес Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі тағайындайды және қызметтен босатады.

Бақылау Палатасының Төрағасы өз қызметінде Қазақстан Республикасы Заңдарының талаптарын басшылыққа алады, бақылауды жүзеге асыруға, тексерулер мен ревизияларды жоспарлауға және жүргізуге байланысты барлық мәселелерді өз күзіреті шегінде дербес шешеді.

Бақылау Палатасының Төрағасы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің, Жоғарғы Кеңесі Төралқасы мен Комитеттерінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәжілістеріне қатысуға құқылы.

### **7-бап. Бақылау Палатасының құрамы және оны құру тәртібі**

Төраға, оның орынбасарлары мен мүшелері құрамындағы Бақылау Палатасы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің сессиясында Жоғарғы Кеңес өкілеттігі мерзіміне оның депутаттары ішінен сайланады.

### **8-бап. Бақылау Палатасының шетел бақылау органдарымен өзара іс-қимылы**

Басқа мемлекеттердің бақылау органдарымен, сондай-ақ халықаралық бақылау ұйымдарымен уағда бойынша Бақылау Палатасы тексеру жүргізу жөніндегі жекелеген тапсырмаларды орындауды басқаларға бере алады, сондай-ақ өз мойнына ала алады.

## **III бөлім. БАҚЫЛАУ ПАЛАТАСЫНЫҢ МІНДЕТТІ ҚЫЗМЕТІ МЕН ӨКІЛЕТТІГІ**

### **9-бап. Бақылау Палатасы қызметінің негізгі бағыттары**

Бақылау Палатасы:

1) республикалық бюджет қаржысын пайдалану бөлігінде Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі мен оның Төралқасы қаулыларының орындалуын бақылайды;

2) түскен түсімнің толықтығына мемлекеттік мүлікті мемлекет иелігінен алудан және жекешелендіруден түскен қаржының жұмсалу заңдылығына бақылау жасайды;

3) республикалық бағдарламаларды орындауға және мемлекеттік қажеттерді қаржыландыруға бөлінетін бюджет қаржысының пайдаланылу заңдылығын бақылайды;

4) республикалық бюджет жобасына сараптама баға береді;

5) кредит-ақша қатынастарының жай-күйіне талдау жасайды;

б) Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінің қызметіне кредит және валюта ресурстарын пайдалану, ақша эмиссиясын және мемлекеттік бағалы қағаздар шығару, Республиканың алтын және алмас қорларын қалыптастыру мен пайдалану бөлігінде бақылау жасайды.

#### **10-бап. Бақылау Палатасының өкілеттігі**

Бақылау палатасы өзінің міндетті қызметін атқару кезінде:

1) тексерілетін органдардан, ұйымдардан, мекемелерден Бақылау Палатасы белгілеген мерзімде қажетті құжаттама мен ақпаратты талап етуге;

2) банк және өзге де кредит мекемелерінен тексерілетін объектілердің операциялары және есеп жағдайлары туралы қажетті мәліметтер алуға;

3) қажет болған жағдайда тексеру мен ревизия жүргізуге аудитор қызметін, сондай-ақ басқа мекемелер мен ұйымдардан мамандарды тартуға;

4) тексерулер мен ревизиялардың материалдарын, сараптамалық бағаларды және қаржы-бюджет мәселелері бойынша қорытындыларды хабарлама есебінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне және оның органдарына, Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне, Қазақстан Республикасының тиісті министрліктеріне, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарына жіберуге;

5) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті мүшелерінің және басқа да лауазымды адамдардың республикалық бюджеттің орындалу мәселелері жөніндегі есептерін тыңдау туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне ұсыныстар енгізуге;

б) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің мүшелері республикалық бюджет қаржысын пайдалану бөлігінде заңдарды бұзған ретте оларды қызметтен мерзімінен бұрын босату туралы Қазақстан Республикасының Президенті алдына мәселе қою туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне ұсыныстар енгізуге;

7) тексерулер мен ревизиялар жүргізу кезінде ақшалай қаржы мен материалдық қазыналарды талан-таражға салу, заңдарды бұзудың өзге де фактілері анықталған жағдайда тексеру мен ревизия материалдарын құқық қорғау органдарына беруге құқылы.

#### **11-бап. Бақылау Палатасы мүшелерінің өкілеттігі**

Бақылау Палатасының мүшелері өздерінің қызмет міндеттерін атқару кезінде:

1) тексеру немесе ревизия мәселелеріне қатысты барлық құжаттамамен танысуға;

2) мемлекеттік органдардың, мекемелердің және ұйымдардың лауазымды

адамдары мен басқа да қызметкерлерінен тексерулер немесе ревизиялар жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті анықтамалар, ауызша және жазбаша түсініктер алуға, қажетті құжаттар мен басқа да айғақтардың қол сұғылмаушылығын қамтамасыз етуге;

3) мемлекеттік органдар, ұйымдар мен мекемелер басшыларының алдында лауазымды адамдардың кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар заңды мүдделерін, сондай-ақ азаматтар құқықтарын бұзатын өкімдерінің күшін жою туралы мәселе қоюға құқылы.

### **12-бап. Бақылау Палатасы мүшелерінің міндеттері мен жауаптылығы**

Бақылау Палатасының мүшелері өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде заңдардың талаптарын сақтауға, тексерілетін объектілердің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі жасамауға және олардың жедел қызметіне араласпауға міндетті. Бақылау Палатасының мүшелері жүргізілген тексерулердің мемлекеттік органдарға табыс етілетін және жария хабарламаға берілетін нәтижелерін бұрмалағаны үшін, сондай-ақ өздерінің құқыққа қарсы әрекеттерімен келтірген моральдық немесе материалдық зиян үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапты болады.

Бақылау Палатасы мүшелерінің шешімдері мен әрекеттері жөнінде Бақылау Палатасының Төрағасына не сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

### **13-бап. Бақылау Палатасы мүшелеріне жүктелген міндетті қызметтерін атқаруда мемлекеттік өкімет органдарының көмектесу міндеті**

Республикалық және жергілікті мемлекеттік өкімет органдары Бақылау Палатасының мүшелеріне жүктелген міндетті қызметтерін атқаруда барынша көмектесуге, оларға тексерулер мен ревизиялар жүргізуде қажетті көмек беруге, оларды тұрғын және қызмет үйлерімен, көлікпен, байланыс құралдарымен қамтамасыз етуге міндетті.

Тексеру мен ревизиялар жүргізуге қандай да бір кедергі жасайтын, Бақылау Палатасының мүшелеріне жұмыс істеуге қажетті жағдайларды қамтамасыз етпейтін лауазымды адамдар заңдарда белгіленген тәртіппен жауапты болады.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*